



Қаражар елді мекені
Тел / Факс 8 (713 45)75-0-00 № 11-03

село Каражар
01 наурыз 2022 жыл

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5 – бабы 11 – 3) тармақшасына сәйкес Білім беру ұйымдарында психологиялық – педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 12.01.2022 жылғы №6 бұйрығына сәйкес

Бұйырамын:

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Қаражар орта мектебінде психологиялық – педагогикалық қолдап отыру қағидалары бекітіліп басшылыққа алынсын.
2. Осы қағидаларға сәйкес мектепте психологиялық-педагогикалық қолдап отыру тәртібі белгіленіп мұнда білім алу үшін арнаулы жағдайлар, ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар), ерекше білім беру қазеттіліктерін бағалау және психологиялық – педагогикалық қолдап отыру жолдары нақтыланып олар үшін кедергісіз орта (пандус, үстел, байланысу құралы, қоршаулар, дәретхана, асхана т.б.) қалыптастыру жолдары қаралсын.
3. Қаражар орта мектебінде психологиялық – педагогикалық қолдап отыру тәртібі бойынша тәрбиеленушінің қажеттіліктері бойынша ПМПК ұсынымдары негізінде мүмкіндігі шектеулі балаларға, психикалық дамуы тежелген көру, есту, сөйлеу тірек-қимыл аппаратында ақауы бар және эмоциональдық-еріктік бұзылыстары бар адамдарға арналған арнайы және баламалы оқыту әдістері қолданылып оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдар таңдалып, оқыту формасы белгіленсін.
4. Мектепте психологиялық–педагогикалық қолдап отыруды қамтамасыз етудің айқындалған екі кезеңі бойынша және аталған бұйрықтың мемлекеттік тармақшаларында көзделген іс – шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды мектеп психологі Хибина Айнұр Бөлекбайқызына тапсырамын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау және жетекшілік ету тәрбие ісі жөніндегі орынбасарым Мергенбаев Дәулет Жаңабайұлына міндеттелсін.

Мектеп директоры:



С.Ш.Қалиев